

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТУ МӘДЕНИЕТІ:  
ГЕНЕЗИСІ, ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

Орынбасаров Асланбек Орынбасарұлы

[a.orynbasarov@asu.edu.kz](mailto:a.orynbasarov@asu.edu.kz)

«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 2-курс магистранты  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.


**Аннотация.** Бұл жұмыстың негізгі тақырыбы – Қазақстанның мемлекеттік рәміздері және олардың тарихи қалыптасу жолы. Зерттеуде тарихи байрақтардың артықшылықтары ғана емес, сонымен бірге олардың догматикалық сипаттағы басты кемшіліктері де талданады. Жұмыста геосаяси үдерістер мен Қазақстан рәміздерін қалыптастыруға әсер еткен алғышарттар тарихи тұрғыдан қарастырылған. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы көне рулық жалаулардан қазіргі мемлекеттік туға дейінгі ықтималды сабақтастық айқындалды.

**Негізгі сөздер:** Қазақстан тарихы, мемлекеттік рәміздер, вексиллология, ту, байрақтар.

Ту – адамзат тарихының барлық кезеңінде айрықша мағынаға ие киелі белгі. Ол – ұлттың рухы мен мемлекеттіліктің айқын көрінісі. Тудың көкте желбіреуі – елдің беделі мен абыройының белгісі. Самалмен тербелген байрақтар халықты ынтымаққа, туған жерді қорғауға үндеп келген. Көкке көтерілген әрбір ту – ортақ идея мен бірліктің нышаны. Қазақ даналығында «Туыңды туған жерге тік» деген сөз бекер айтылмаған. Себебі ту жоқ жерде мемлекет те, халық та толық мәнінде қалыптаспайды. Адамзат қауымдастығы пайда болған сәттен бастап ортақ рәміздер мен дәстүрлерге мұқтаж болды. Бүгінде Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі ұлан-ғайыр кеңістікте адамдар дәл сол тудың төңірегіне топтасуда. Ал енді Ұлы дала өркениетінің байрағы қандай болды?

Алтын Орда кезеңінде екі түрлі ту болғаны жөнінде тұжырым бар. Бұл пікір итальяндық теңізші әрі картограф Анджелино Далорто жасаған картографиялық деректерге сүйеніп негізделеді. Бірінші ту – Бату хан мен оның мұрагерлері пайдаланған, 1313 жылға дейін қолданыста болған байрақ. Ал екінші ту – Өзбек хан билік құрған кезеңде (1313–1330 жж.) Алтын Орданың ресми нышаны ретінде қабылданған. Бұл жаңа ту ислам дінінің Алтын Ордада мемлекеттік деңгейде орныққанын білдіруі тиіс еді. Бату әулетінің билігі әлсіреп, оның орнына Тоқа-Темір және Шайбан әулеттері келгеннен кейін, мемлекеттік тудың таңбасы да өзгеріске ұшыраған болуы ықтимал: бұрынғы Босаға-тамғаның орнына жаңа билеуші әулеттердің белгісі – Тарақ-тамға енгізілген деп пайымдауға болады (1-сурет).


*1-сурет. Алтын Орданың бірінші және екінші тулары. Ә.Омаровтың қайта құру әрекеті.*



Түрік қағанаты дәуірінде түркі жасақтарының туларында «Көк бөрі» бейнесі көрініс тапқан (2-сурет). Бұл символ ежелгі түркілердің тектілік, ерлік және рухани күш туралы түсінігін білдірген. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың көрнекті ақыны Сүйінбай Аронұлы өз жырында: *«Бөрілі байрақ астында — Бөгеліп көрген жан емен!»*

*Бөрідей жортып кеткенде, Бөлініп қалған жан емен!»* – деп, бөрі бейнесінің батырлық пен ұлттық рухтың айқын нышаны екенін бейнелі түрде жеткізеді. Қазақ халқы ертеден-ақ бөріні батырлық пен қайсарлықтың белгісі ретінде қадірлеген. Кейінгі кезеңдерде қоғамда рулық таңбалар кеңінен қолданыс тапты. Түрлі геометриялық сипаттағы бұл белгілер елтаңба мен мөр қызметін атқарған.

*2-сурет. Қазақ хандығының туы. А.Ағысовтың қайта құру әрекеті.*



Ресей империясының тарихшысы Алексей Левшин (1798–1879) қазақтардың туды жүйелі түрде пайдаланғанын атап өтеді. Оның деректерінде әрбір қазақ руының өзіне тән үлкен ту болғаны (3-сурет), сондай-ақ әр тармақтың жеке белгісі немесе байрағы болғаны көрсетіледі. Бұл рәміздер ерекше сақталып, әсіресе соғыс кезінде маңызды қызмет атқарған.

Левшиннің сипаттауынша, шайқас барысында одақтастарды жаудан ажырату үшін жауынгерлер басты тудың түсіне сәйкес төсбелгілер тағып, қолдарына сол түсті орамал байлаған. Сонымен қатар әр рудың өзіне тән әскери құпия сөзі болған. Ал жорық кезінде басты туды алып жүру құрметі әскер басшысынан кейінгі ең беделді сұлтандардың немесе старшындардың біріне тапсырылған. [1].

*3-сурет. Рулық, тайпалық таңбалар. Ә.Омаров пен Ә.Оспановтың қайта құру әрекеті.*



Сондай-ақ Юрий Гавердовский қазақтардың орыс билігіне дейін де ту жасау дәстүрін қолданғанын атап өтеді. Ол бұл кезеңді «Ордаларда тәртіп болған уақыт» деп сипаттайды. Ғалымның пайымдауынша, кейін Ресей ықпалы күшейген соң қазақтар өздерінің мемлекеттік рәміздерінен айырылып, бұрынғы жүйелі тәртіп әлсіреген [2].


Қазақтың орта ғасырлар тарихын терең зерттеген жазушы әрі ғалым Мұхтар Мағауин қазақ халқының біртұтас ұраны «Алаш!» болғанын, ал мемлекеттік нышаны ретінде «төре-таңба» қолданылғанын атап өтеді. Бұл таңба Шыңғыс әулетіне тән белгі

ретінде Алтын Орда кезеңінен бастау алып, көне түркілік негіз бен ортақ діни бірлікті білдірген.

Негізгі ту – «төре таңбасы» бейнеленген қызыл байрақ болған. Жалпы, мемлекет туы ретінде билеуші әулеттің туы пайдаланылған. Қазақ төрелеріне қатысты деректерде, әсіресе Құрбанғали Халид шежіресінде туға байланысты мәліметтер кеңінен кездеседі.

Сол деректерге сүйенсек, әр әулет өз түсімен ерекшеленген: Сарай хандары – қызыл, Шағатай әулеті – ақ, Үгедей әулеті – көк ту ұстаған. Кейін бұл дәстүр біртіндеп ұмыт болған [3].

*4-сурет. Қазақ хандығының Шыңғыс әулеті таңбасы – Төре таңбасы орналасқан туы. М.Мағауиннің қайта құру әрекеті.*




Қазақ ауыз әдебиетінде хандардың ақ туы, әсіресе «Абылайдың ақ туы» туралы мәліметтер жиі кездеседі. Бұл деректі Шәңгерей Сейіткерейұлы жырындағы: «Ақ туын Абылайдың қолына алсаң, Артында аламанның біреуімін» деген жолдар дәлелдейді.

Абылай хан туы 1930 жылдарға дейін қазіргі Түркістан өңіріндегі Ханқорған жерінде төре әулетінің қолында сақталғаны айтылады. Отырар ауданының тұрғыны Адахан Алтайұлы бұл туды өз көзімен көріп, қолымен ұстаған. Оның айтуынша, ту сарғыш жібек матадан жасалып, ұзындығы шамамен 1,5 метр болған, әрі он қыл шашақпен безендірілген [4].

Осы деректер Қазақ хандығының туы көбіне ақ немесе қызыл түсті болғанын, ал көк түстің қолданылмағанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл ту Керей Ер Жәнібекке қатысты болуы мүмкін деген пікір де бар (5-сурет) [5].

*5-сурет. Керей Ер Жәнібектің ақ туы. А.Ағысовтың қайта құру әрекеті.*



Осылайша, қазақтардың туға қатысты мәдениеті мен дәстүрі күрделі әрі жүйелі болғаны байқалады. Тулардың түсі әміршіге, әскери басшыға немесе белгілі бір қауым мен әскери құрылымға байланысты айқын жіктелген. Өртүрлі рәміздік белгілер бір түсті байраққа топтастырылып қолданылған. Соған сәйкес, ала түсті ту – мемлекеттік нышан, ал ақ ту – билеушілердің белгісі, қызыл түске боялған ту – жауынгерлік, әскери сипаттағы рәміз ретінде қабылданған деп тұжырымдауға болады.

1917–1920 жылдары қазіргі Қазақстан аумағында Алаш және Түркістан автономиялары құрылды (6-сурет). Зерттеуші Сұлтан Хан Аққұлы Барлыбек Сырттановтың «Қазақ елінің Уставы» негізінде жасалған үштүсті ту жобасын ұсынады. Оның айтуынша,

1917 жылғы 12 желтоқсанда жарияланған Алаш автономиясының рәміздері алдын ала ойластырылған.

Бұл тұжырымға Әлихан Бөкейхан бастамасымен 1911 жылы Санкт-Петербургте әзірленген Барлыбек Сырттанұлының «Қазақ елінің Уставы» құжаты дәлел болады. Құжатта қазақ елінің туы жасыл, қызыл және сары көлденең жолақтардан тұратыны, жоғарғы бұрышында жарты ай мен жұлдыз бейнеленетіні көрсетілген.

Түстердің мәні де айқындалған: жасыл – ислам дініне адалдықты, қызыл – Отан қорғау жолында төгілген қанды, ал сары – қазақ даласының кеңдігі мен еркіндігін білдіреді [6].

Қоқан автономиясында ақ жарты ай мен бес бұрышты жұлдыз бейнеленген, қызыл және көк түсті тең көлденең жолақтардан құралған ту қолданылды. Мұндағы көк түс Түркістан халқының негізгі бөлігінің түркілік тегін білдірсе, қызыл түс жаңару мен революциялық өзгерістердің нышаны ретінде түсіндірілді [7].

*6-сурет. Алаш және Түркістан автономияларының тулары*



*Алаш автономиясының байрағы (1917-1920 жж.)*



*Түркістан мұқтариятының байрағы (1917-1920 жж.)*

1920–1925 жылдары бұрынғы автономиялардың негізінде Қырғыз АКСР құрылып, 1925–1936 жылдары оның орнына Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы қалыптасты. Осы кезеңде ерте кеңестік үлгіге тән республикалық рәміздер жүйесі орнықты.

Республиканың туы бірнеше рет өзгеріске ұшырады: бұл өзгерістер қазақ жазуының реформалануымен және Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың рәміздерін біріздендіру үдерісімен байланысты болды (7-сурет).

7-сурет. Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанның 1936-1991 жж. Туы



1936-1940

жылдарындағы Қазақ КСР  
Туы



1940-1953

жылдарындағы Қазақ КСР  
Туы



1953-1991

жылдарындағы Қазақ КСР  
Туы

Қазақ хандығының туы кеңестік кезеңде жүйелі түрде зерттелмей, тек жекелеген сипаттамалармен шектелді. Сондықтан толыққанды бейнесі қалыптаспады. 1991 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін ұлттық сананы жаңғырту аясында тарихи туға деген сұраныс күшейіп, қазіргі кезде кең таралған «Қазақ хандығының туы» бейнесі пайда болды.

1980 жылы Түркияда пантүркістік және ұлттық бағыттағы топтар көне түркі мемлекеттерінің туларын насихаттайтын көрнекі материалдар әзірлеуді қолға алды. Реха Оғыз Турккан жетекшілігімен алдымен күнтізбе, кейін маркалар топтамасы жарық көрді (8-сурет). Алайда бұл жобада көрсетілген «Қазақ хандығының туының» нақты авторы белгісіз болып қалды.

Көк түсті, «мәңгілік түйін» мен үш бесбұрышты жұлдыз бейнеленген бұл нұсқа тарихи деректерге толық негізделмесе де, Қазақ хандығына қатысты вексиллологиялық бос кеңістікті жылдам толтырды. Нәтижесінде бұл бейне кеңінен таралып, тіпті Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту кезінде елордада сахналық қойылымдарда пайдаланылды. Сонымен қатар ол «Қазақ хандығы» телехикаясында да әртүрлі нұсқада көрініс тапты (9-сурет).

8-сурет. 1980 жж. Түркияда шығарылған маркалар сериясы.



9-сурет. «Қазақ хандығы» көркем фильмінен кадр.



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ашық конкурс нәтижесінде таңдалып, 453 ұсыныстың ішінен іріктелді. Мұндай ауқымды байқау посткеңестік

кеңістікте сирек кұбылыс болды. Тудың авторы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасы Президентінің №2797 Жарлығының 4-бабы, II тарауына сәйкес, Мемлекеттік Ту – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген көк түсті тікбұрышты мата. Тудың сабы жағында ұлттық ою-өрнекпен безендірілген тік жолақ орналасқан. Күн, оның сәулелері, қыран және өрнек алтын түспен берілген. Тудың өлшемдік қатынасы – 1:2 [8].

*10-сурет. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы туы.*



Қазақстан Республикасының туындағы рәміздер мазмұндық тұрғыдан терең әрі бірегей. Күн бейнесі – молшылықтың, өміршеңдік пен өркендеудің белгісі болса, қыран – қуат пен еркіндіктің символы. Қыранның жоғары самғап, төменге қырағы көз тастауы мемлекеттің биік мұраттары мен айқын мақсаттарын аңғартады.

Тудың сабы тұсындағы ұлттық ою-өрнек композицияға айрықша мән береді. Қазақ оюлары көбіне астарлы мағынаға ие: олар белгілі бір ишара, тұмарлық мән, көне жазу нышандары немесе табиғат элементтерінің бейнеленген түрі ретінде көрінеді. Қазақстан туындағы өрнекті арабеск стиліне жақын деп қарастыруға болады, алайда оған ұқсас элементтер шығыс, соның ішінде қытай өрнектерінде де ұшырасады. Бұл бейнелер елдің бай табиғаты мен мәдени әртүрлілігін де меңзейді.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері ел басшылығының жан-жақты ойластырылған, терең мазмұнға негізделген тұжырымдамалық көзқарасын айқын көрсетеді.

Қазақстан – посткеңестік кеңістікте мемлекеттік рәміздерге қатысты тек конституциялық заңмен шектелмей, арнайы стандарттар жүйесін қалыптастырған бірегей ел. Соның нәтижесінде Елтаңба мен Ту өзара үйлескен, бояуы мен мазмұны тұтас көркем композиция ретінде қабылданады.

Сонымен қатар, бұл рәміздерде агрессияны немесе күш көрсету идеясын білдіретін белгілер жоқ. Олар ешқашан өзге халықтарға қарсы бағытталған нышан ретінде қолданылмаған. Қазақстанның Елтаңбасы мен Туы – бейбітшілік, ізгілік, жер мен халықтың амандығы және елдің өркендеу идеясын білдіретін рәміздер.

**Қорытынды.** Қазақтың тарихи тулары – ұлттық болмыс пен мемлекеттілік негіздерін түсінуде маңызды әрі мазмұнды тақырып. Қазақстанда вексиллология әлі толық дамымағанымен, әлемдік деңгейде бұл ғылым ерекше назарда. Туды тану – өз тарихыңды танып, ата-бабамен рухани сабақтастық орнату деген сөз. Ту мәселесі әрдайым геральдика, рәмізтану, салт-дәстүр сияқты бағыттармен тығыз байланысты. Мұның барлығы жас ұрпаққа Қазақстан мемлекеті бір сәтте емес, ғасырлар бойы қалыптасқан берік негізге сүйенетінін ұғындырады.

Ата-бабаларымыз туға жан бітіріп, оны халықтың рухымен теңестірген. Сондықтан ұлттық рәміздеріміздің бірі – Тудың тарихы тереңде жатыр. Көк Туымыздың қасиетін кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрқайсымыздың парызымыз. Байрағымыз әрдайым биікте желбіреп, бейбіт аспан астында асқақтай берсін!

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

- 1 Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996.
- 2 Гавердовский Я. П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи (часть 1-я), или Дневные записки в степи Киргиз-кайсацкой 1803 и 1804 годов // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том V. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. – Алматы. Дайк-пресс, 2007.
- 3 Магауин М.М. Азбука казахской истории. – Алматы. Ғылым, 1997.
- 4 Атыгаев Н. Символы власти: к 550-летию Казахского ханства // Казахстанская правда. – 2015. – 20 февраля.
- 5 Ер Жәнібек рухына деген ел құрметі. «Ер Жәнібек» халықаралық қоғамдық қоры, Бапай Ұлан. 23.05.2014 г. <http://erjanibek.com/qogamdyq-kory/1148>
- 6 Сыртанов Б. Қазақ елінің Уставы // Казах. – 1917. – 21 ноябрь.
- 7 Исхаков С.М., Валидов А.З. Пребывание у власти // Отечественная история. – № 6. – 1997. – С. 223.
- 8 О государственных символах Республики Казахстан // Ведомости Парламента Республики Казахстан. – Астана, 1996. – с. 178.
- 9 Умаров А.К. К вопросу об исторических знаменах казахов и их предков. – Алматы: Қазақ тарихы, 2015. – С. 25.